

"Қаржы-қаражат - Финансы Қазақстана" журналдарын шығару туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 шілде 1994 ж. N 754

Мемлекеттің қаржы, салық, кеден саясатын, заңдық және нормативті актілерді кеңінен насихаттау, сондай-ақ қаржы жүйесінің нақты тәжірибесін тарату мақсатымен қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қаржы министрлігінің "Қаржы-қаражат" баспасының негізінде

қазақ және орыс тілдерінде, ай сайынғы, көлемі 8 баспа табақтық "Қаржы-қаражат - Финансы Қазақстана" журналын шығару жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қаржы-қаражат - Финансы Қазақстана" журналын қаржыландырудың жолын анықтайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі